



БЕКІТІЛДІ
«М.Х.Дулати атындағы Тараз
университеті» КЕ АҚ
Стратегиялық, халықаралық даму және
сапа комитетінің шешімімен
2025. 03 20 ж. № 3 хаттама)







«ЕРКІН ОЙЛАР АЛАҢЫ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ПІКІРСАЙЫС ҰЙЫМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Тіркеу № 10

TAPA3, 2025

© Бұл М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д.Д.	 /КОЛЫ/	11.03.2025 ж.
	Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Нұрмайлов А.Е.	 /КОЛЫ/	11.03.2025 ж.
	Еркін ойлар алаңы интеллектуалды пікірсайыс ұйымының координаторы Бекмырза А.Ғ.	 /КОЛЫ/	11.03.2025 ж.
2. ЕНГІЗІЛГЕН:	Жастармен жұмыс бөлімімен		
3. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	2010 жылғы ереженің орнына енгізіледі		
5. ТАРАТЫЛСЫН:	М.Х.Дулари атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөліміне таратылсын		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	М.Х.Дулари атындағы Тараз университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің шешімімен бекітілді. Хаттама № 3, « 28 » 03 2025 ж.		
7. КЕЛІСУШІЛЕР:	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /КОЛЫ/	14.03.2025 ж.
	Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.	 /КОЛЫ/	14.03.2025 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.	 /КОЛЫ/	13.03.2025 ж.
	Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ултанбаев А.Б.	 /КОЛЫ/	13.03.2025 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /КОЛЫ/	12.03.2025 ж.

Бұл құжат «М.Х.Дулари атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Негізгі терминдер,қысқартылған сөздер және белгілер.....	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік.....	4
5	Жалпы ережелер.....	5
6	Қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері.....	5
7	Құқықтары.....	5
8	Пікірсайыс ұйымының бағыттары.....	6
9	Пікірсайыс ұйымының құрылымы.....	6
10	Өзге де құрамдас бөлімдермен өзара қарым-қатынасы.....	7
11.	Қосымшалар.....	8
	А қосымшасы Танысу парағы.....	8
	Б қосымшасы Өзгерістер тіркеу парағы.....	9

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ереже университет студенттерінің пікірсайыс қызметін реттеу негіздерін белгілейді, пікірсайыс қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының пікірсайыс қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Жарғы	«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы
-------	--

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы құжатта -терминдер мен анықтамалар қолданылмайды.

3.2 Қысқартылған сөздер

Осы құжатта төменде келтірілген қысқартылған сөздер пайдаланылады:

Дулати университеті	«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ
УСТ	Университеттің стандарттық талаптары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
КММ	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

3.3 Белгілер

Осы құжатта белгілер қолданылмайды.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы құжат Дулати университетінің Сапа, стратегиялық және халықаралық даму комитетінің отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

4.2 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартының талаптарына сәйкес болуы үшін құжатты әзірлеуші жауап береді.

4.3 Университеттің осы құжатын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Жастармен жұмыс бөліміне жүктеледі.

4.4 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Б қосымшасы).

4.6 Осы университет құжатының жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

4.7 Осы құжаттың жаңа жұмыс даналары университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Құжаттың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы университет құжаттың бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. «Еркін ойлар алаңы» пікірсайыс ұйымы интеллектуалды пікірсайыс мәдениетін дамыту мақсатында құрылған. Ұйым студенттердің белсенділігі арқылы жүзеге асырылады, олар логикалық және сыни ойлауды дамыта отырып, пікір білдіру еркіндігін насихаттайды.

5.2. Пікірсайыс қатысушылары – қоғамдық маңызды тақырыптар бойынша дебат өткізу арқылы студенттердің шешендік өнерін, талдау қабілетін және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

5.3. Ереже университет студенттерінің пікірсайыс қызметін реттеу негіздерін белгілейді. Ол пікірсайысшылардың негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін және университет басшылығының ұйымды қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

6. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

6.1 Студенттердің логикалық, сыни және шешендік дағдыларын дамыту арқылы олардың интеллектуалды әлеуетін арттыру.

6.2 Қоғамдық маңызды мәселелерге пікірсайыс арқылы назар аудару және студенттердің өз көзқарасын еркін білдіруін қамтамасыз ету.

6.3 Университетте және одан тыс аймақтарда пікірсайыс турнирлері мен жаттығулар ұйымдастыру.

6.4 Әлеуметтік, саяси, мәдени және экономикалық тақырыптарға арналған дебаттар өткізу.

6.5 Семинарлар, мастер-класстар, лекциялар және басқа да іс-шаралар арқылы студенттердің шешендік өнерін жетілдіру.

6.6 Халықаралық және ұлттық деңгейдегі пікірсайыс жарыстарына қатысу арқылы тәжірибе жинақтау.

6.7 Пікірсайыс арқылы студенттерді маңызды әлеуметтік мәселелерге тарту.

6.8 Қоғамдық ортада ашық диалог жүргізу мәдениетін қалыптастыру.

6.9 Ұйымның қызметін таныстыру үшін әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында насихат жүргізу.

6.10 Қазақстанда және шетелде пікірсайысқа байланысты іс-шараларға қатысу.

6.11 Ұйым қызметін қаржыландыру үшін демеушілік және қолдаушы ұйымдармен байланыс орнату.

6.12 Ұйым мүшелерінің интеллектуалды және материалдық ресурстарын тиімді басқару.

7. ҚҰҚЫҚТАРЫ

7.1 Пікірсайыс ұйымы құқылы:

Заңдылық: Ұйымның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы тиіс. Барлық іс-әрекеттер қоғамда қабылданған этикалық нормалар мен ережелерге сай жүзеге асырылады.

Ақпараттық және ұйымдастыру қызметі: Пікірсайыс турнирлері мен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге құқықты иеленеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану: Ұйым қызметін насихаттау үшін кино, бейне және басқа да ақпараттық өнімдер шығару.

Қаржылық қолдау: Пікірсайыс жобалары мен іс-шараларын қаржыландыру үшін демеушілер мен қолдаушылардың қаражатын тартуға, сондай-ақ қайырымдылық және басқа да ресурстарды жинау іс-шараларын ұйымдастыруға.

Халықаралық байланыстар: Аймақаралық және халықаралық деңгейде пікірсайыс қозғалысын қолдау және дамыту мақсатында әріптестік орнату.

8. ПІКІР САЙЫС ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

- Әлеуметтік: Қоғамдағы әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды талқылау және студенттердің әлеуметтік мәселелерге көзқарасын қалыптастыру. Қорғансыз топтардың мәселелерін жарыққа шығару және оларды шешуге арналған пікірсайыс шараларын ұйымдастыру.

- Экологиялық: Табиғат қорғау, қоршаған ортаға қамқорлық және экологиялық мәдениетті дамыту тақырыптарын пікірсайыстар арқылы талқылау. Экологиялық білімді жетілдіруге арналған пікірсайыс тренингтері мен акциялар өткізу.

- Ивент-дебат: Пікірсайыс бағыттарын біріктіретін кең ауқымды іс-шаралар, соның ішінде спорттық, мәдени және ғылыми бағыттағы жарыстарда студенттердің белсенді қатысуына жағдай жасау.

- Медициналық: Денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша пікірсайыс тренингтерін ұйымдастыру. Студенттердің денсаулыққа қатысты өзекті мәселелерді талқылауын қамтамасыз ету.

- Жарнамалық-насихаттаушылық: Ұйымның негізгі идеялары мен жобаларын насихаттау үшін әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы ақпараттық материалдар жасау. Пікірсайыс мәдениетін көпшілікке танытуға бағытталған іс-шаралар өткізу.

9. ПІКІР САЙЫС ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

9.1. Пікірсайыс ұйымының қызметін үйлестіруді университеттің студенттік жастармен жұмыс жөніндегі мамандарымен бірге тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

9.2. Университеттің пікірсайыс қызметіне тікелей басшылық етуді университеттің пікірсайыс ұйымының штабы жүзеге асырады.

9.3. Университеттің пікірсайыс ұйымының қатысушылары университеттің әр факультетінде білім алушылар қатарынан құрылған студенттік еріктілер отрядтары болып табылады.

Пікірсайыс ұйымы:

- Координатор
- Координатордың орынбасары
- Хатшы

Пікірсайыс ұйымы өз жұмысында:

- Жастар ісі жөніндегі комитетімен;
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, факультеттермен;
- Университеттің құрылымдық бөлімдерімен;
- Университеттің медиа қызметімен, басқа да сыртқы ұйымдармен өзара

әрекеттеседі.

10. ӨЗГЕ ДЕ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөлімі, жастармен жұмыс бөлімінің құрамындағы өзге де жастар ұйымдарымен және студенттік деканаттармен, «Жамбыл облыстық жастар ресурстық орталығы КММ», «Тараз жастар ресурстық орталығы КММ» бірлесе жұмыс атқарады.

Б ҚОСЫМШАСЫ

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]